

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 389 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 24 қазандағы № 561 бұйрығы

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Күзет қызметі субъектісіне тиесілігін айқындайтын арнайы киім үлгілерін және оны қию тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 389 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 6 қарашада № 5352 тіркелген және 2008 жылы 26 қазандағы № 180 (1580) "Заң газетінде" жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха) :

1) осы бұйрықты Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінен алу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдасын:

2) осы бұйрықты мерзімді басылымдарда ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енгізілсін және ресми жариялауға жатады.

*Министрдің орынбасары*

*Қ. Тыныбеков*